

АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯ
СПЕЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ

ГТАХР: 15.21.65

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.83.2.029>

Ж.А.Карибаев^{1*} , А.Н.Аутаева¹ , А.Б.Махамбетова² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ
ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ**

Аңдатпа

Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларға көрсетілетін психологиялық қолдаудың мазмұны, маңызы және практикалық жүзеге асырылу жолдары қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде ЕБҚ балалардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық қолдауды кәсіби деңгейде ұйымдастыру – басты қажеттіліктердің бірі болып отыр.

Зерттеу барысында жалпы білім беретін мектептерде психологиялық қызметтің жағдайы, мамандардың кәсіби дайындығы, ата-аналармен өзара іс-әрекет деңгейі және ЕБҚ балалардың жеке дамуындағы қиындықтар жан-жақты талданды. Сауалнама, бақылау және сұхбат әдістері арқылы алынған мәліметтер мектептегі психологиялық қолдаудың жеткіліксіздігін және жүйелі жұмыстың болмауын көрсетті. Көп жағдайда психологиялық қызмет тек диагностикамен шектеліп, түзету, кеңес беру, сүйемелдеу және даму мониторингі сынды маңызды бағыттар ескерілмейді. Бұл жағдай ЕБҚ балалардың әлеуметтенуіне, оқу мотивациясына және өзін-өзі бағалауына теріс әсер етуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, психологиялық қолдау қызметін жетілдіру үшін келесі аспектілерге назар аудару қажет: мектеп психологтарының инклюзивті білім беруге бейімделген біліктілігін арттыру, ата-аналармен тиімді байланыс орнату, әр оқушының жеке психологиялық даму картасын жүргізу және мектепшілік қолдау жүйесін жүйелеу. Сондай-ақ, мемлекеттік деңгейде психологиялық қызметтің нормативтік және әдістемелік базасын жаңғырту өзекті мәселе болып табылады.

Мақалада осы саладағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдарына нақты ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар берілген. Ұсынылған тәсілдер мен модельдер инклюзивті білім беру сапасын арттыруға, ЕБҚ балалардың толыққанды дамуына және мектеп қауымдастығының үйлесімділігіне септігін тигізеді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, психологиялық қолдау, мектеп психологиялық қызметі, педагог-психолог, ата-аналармен жұмыс.

Карибаев Ж.А.,^{1*} Аутаева А.Н.,¹ А.Б.Махамбетова²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются содержание, значение и практическая реализация психологической поддержки, оказываемой детям с особыми образовательными потребностями (ООП) в условиях инклюзивного образования. В современной системе образования одной из основных потребностей является организация психологической поддержки на профессиональном уровне с учетом особенностей когнитивного, эмоционального и социального развития детей с особыми потребностями.

В ходе исследования проведен комплексный анализ состояния психологической службы в общеобразовательных школах, профессиональной подготовки специалистов, уровня взаимодействия с родителями, трудностей в личностном развитии детей с особыми образовательными потребностями. Данные, полученные с помощью анкетирования, наблюдений и интервью, показали недостаточную психологическую поддержку и отсутствие систематической работы в школе. Во многих случаях психологические услуги ограничиваются только диагностикой, игнорируя такие важные области, как коррекция, консультирование, поддержка и мониторинг развития. Такая ситуация может негативно повлиять на социализацию, мотивацию к обучению и самооценку детей с расстройствами малого тазобедренного сустава.

Результаты исследования показывают, что для совершенствования услуг психологической поддержки необходимо обратить внимание на следующие аспекты: повышение квалификации школьных психологов, адаптированных к инклюзивному образованию, налаживание эффективной коммуникации с родителями, ведение индивидуальной карты психологического развития каждого ученика, систематизация системы внутришкольной поддержки. Также актуальным вопросом является модернизация нормативно-правовой и методической базы деятельности психологических служб на государственном уровне.

В статье представлены конкретные научно-практические рекомендации по решению актуальных проблем в этой области и пути их решения. Предложенные подходы и модели способствуют повышению качества инклюзивного образования, полноценному развитию детей с особыми образовательными потребностями, гармонии школьного коллектива.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, психологическое сопровождение, школьная психологическая служба, педагог-психолог, работа с родителями.

¹Karibaev Zh.A, ^{2*}Autaeva A.N. ³A.B.Makhambetova

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

²Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak,

PSYCHOLOGICAL SUPPORT FOR CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS IN THE CONTEXT OF INCLUSIVE EDUCATION

Annotation

This article examines the content, significance and practical implementation of psychological support for children with special educational needs (SEN) in inclusive education. In the current education system, the organization of psychological support at a professional level, taking into account the specifics of the cognitive, emotional and social development of children with SEN, is one of the main needs.

During the study, the state of psychological services in general education schools, the professional training of specialists, the level of interaction with parents and the difficulties in the personal development of children with SEN were comprehensively analyzed. The data obtained through questionnaires, observation and interview methods showed the inadequacy of psychological support in schools and the lack of systematic work. In most cases, psychological services are limited to diagnostics, while important areas such as correction, counseling, support and development monitoring are not taken into account. This situation can negatively affect the socialization, motivation for learning and self-esteem of children with SEN.

The results of the study show that in order to improve psychological support services, it is necessary to pay attention to the following aspects: improving the skills of school psychologists adapted to inclusive education, establishing effective communication with parents, maintaining an individual psychological development map for each student, and systematizing the intra-school support system. Also, the modernization of the regulatory and methodological base of psychological services at the state level is an urgent issue.

The article provides specific scientific and practical recommendations on current issues in this area and ways to solve them. The proposed approaches and models contribute to improving the quality of inclusive education, the full development of children with special educational needs, and the harmony of the school community.

Keywords: inclusive education, children with special educational needs, psychological support, school psychological service, educational psychologist, work with parents.

ҚЫСҚАША. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде инклюзивті бағыт ерекше маңызға ие болып отыр. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, инклюзивті білім беру – бұл тек ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына енгізу ғана емес, сонымен қатар олардың психологиялық, әлеуметтік және тұлғалық дамуын жан-жақты қамтамасыз ету жүйесі болып табылады. Қазақстан Республикасының білім туралы Заңында [1] және білім беруді дамытудың 2015–2025 жылдарға арналған білім беру тұжырамдамасында [2] инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі басты басымдықтардың бірі ретінде және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тең жағдай жасау қажеттілігі нақты көрсетілген.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалардың әлеуметтік бейімделуі, тұлғалық дамуы және оқу процесіне толыққанды араласуы үшін сапалы психологиялық қолдау қызметі қажет. Бұл қолдаудың мазмұны тек психологиялық диагностикамен шектелмейді, сонымен қатар түзету-дамыту, кеңес беру, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шараларын қамтиды.

Көптеген зерттеулер (Выготский, Луков, Бронфенбреннер және т.б.) ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтену үдерісінде психологиялық қолдаудың рөлі зор екенін дәлелдейді. Әсіресе, мектепке алғаш келген баланың өзін қауіпсіз сезінуі, эмоционалдық тұрақтылықты сақтауы мен тұлғалық әлеуетін ашу мүмкіндігі – осы қолдауға тікелей байланысты.

Бұл зерттеудің теориялық негізі - білім беру психологиясы, инклюзивті педагогика және психологиялық қолдау көрсету теорияларына сүйенеді. Инклюзивті білім беру – бұл тек білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жүйе ғана емес, сонымен қатар тұлғаның психоэмоционалдық, әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған тұтас педагогикалық үрдіс болып табылады.

Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи даму теориясы бойынша, баланың дамуы әлеуметтік орта мен қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық орта құру олардың когнитивтік және тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады [3].

У. Бронфенбреннердің экологиялық даму моделі де бұл зерттеуге әдіснамалық негіз болды. Ол тұлғаның дамуына әсер ететін жүйелерді (микрожүйе, мезожүйе, экзожүйе, макрожүйе) бөліп көрсетіп, баланың дамуы мен бейімделуі қоршаған ортадағы қатынастар мен жағдайларға тығыз байланысты екенін дәлелдеген [4].

Инклюзивті білім беру теориясындағы маңызды ұстанымдардың бірі – даралап оқыту мен қолдау. Бұл тәсіл әр баланың жеке қабілеті мен қажеттілігіне сай оқыту мен психологиялық қолдау ұйымдастыруды көздейді [5].

Сонымен қатар, эмпатиялық қолдау теориясы (К. Роджерс) зерттеу барысында маңызды рөл атқарды. Бұл теорияға сәйкес, баланың өз әлеуетін толық іске асыруы үшін оны түсінетін, қолдайтын және сенетін орта қажет. Инклюзивті білім беру жағдайында бұл теория ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қарым-қатынаста мұғалімдер мен мамандардың эмпатиялық көзқарасын қалыптастырудың маңыздылығын негіздейді [6].

Осы теориялар мен әдіснамалық көзқарастар зерттеудің бағыт-бағдарын айқындап, психологиялық қолдаудың мәні мен мазмұнын терең түсіндіруге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда көптеген мектептерде ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізетін мамандар психологиялық диагностикамен шектеліп жатады. Ал шын мәнінде, қолдау процесі диагностика – түзету – кеңес беру – сүйемелдеу – мониторинг кезеңдерінен тұратын жүйелі қызмет болуы тиіс. Осы мәселе педагогикалық тәжірибеде жиі ескерілмей жатады және бұл ЕБҚ оқушылардың оқудағы жетістігіне тікелей әсер етеді.

Инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық қолдау қызметін ұйымдастыру – бұл тек маманның кәсіби біліктілігіне ғана емес, сондай-ақ бүкіл мектеп ұжымының, ата-аналардың және қоғамның инклюзивті құндылықтарды қабылдау деңгейіне де тікелей байланысты. Психологиялық қолдаудың тиімді жүзеге асуы үшін мектеп психологтары мен арнайы педагогтердің бірлесе жұмыс істеуі, олардың кәсіби дамуы мен үздіксіз біліктілігін арттыру жүйесі маңызды.

Сонымен қатар, психологиялық қолдау көрсету барысында баланың жеке ерекшеліктерін, даму қарқынын, әлеуметтену деңгейін және оқу мотивациясын ескеретін дараландырылған тәсіл қажет. Бұл бағытта психологиялық қолдаудың мынадай негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- Эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру;
- Өзін-өзі бағалау мен ішкі мотивацияны дамыту;
- Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру;
- Оқу іс-әрекетіне деген қызығушылық пен сенімді арттыру;
- Стресті жеңуге көмектесу және психологиялық қауіпсіз орта құру.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, жүйелі әрі бағытталған психологиялық қолдау ЕБҚ балалардың оқу жетістіктерін арттыруға, құрдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуға және мектеп өміріне белсенді араласуына ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, инклюзивті білім берудің негізгі мақсатына – әрбір баланың сапалы білім алуға тең мүмкіндігін қамтамасыз етуге қол жеткізудің маңызды тетігі болып саналады.

Осы мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көрсетілетін психологиялық қолдаудың маңыздылығы, ұйымдастырылу жолдары мен тиімділігін арттыру тетіктері қарастырылады. Сонымен қатар, практикалық зерттеу нәтижелері арқылы қазіргі мектептердегі қолдау қызметтерінің жай-күйі сарапталып, нақты ұсыныстар ұсынылады [7, 8].

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. Бұл зерттеу инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларға психологиялық қолдаудың тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеудің негізіне білім беру психологиясы, инклюзивті педагогика және психологиялық диагностика салаларындағы теориялар мен әдіснамалық ұстанымдар алынды. Атап айтқанда, Выготскийдің әлеуметтанулық даму теориясы, Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясы және даралап оқыту мен психологиялық сүйемелдеу принциптері басшылыққа алынды.

Зерттеу сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) әдістерді үйлестіре отырып жүргізілді. Мұндай аралас әдіс зерттеліп отырған мәселенің көпқырлы сипатын ашуға, тәжірибелік жағдайларды тереңірек талдауға және мәліметтердің шынайылығын арттыруға мүмкіндік берді. Сапалық зерттеу барысында мұғалімдер мен психологтардың кәсіби тәжірибесі, эмоциялық-психологиялық көзқарастары зерделенсе, сандық зерттеу арқылы мектептердегі нақты жағдайлар мен үрдістер статистикалық тұрғыда бағаланды [9].

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Сауалнама (анкеталық зерттеу) – жалпы орта білім беретін мектептердегі мұғалімдер мен педагог-психологтар арасында жүргізілді.

Сауалнамада ЕБҚ балалармен жұмыс барысында туындайтын қиындықтар, психологиялық қызметтің қолжетімділігі мен сапасы, ата-аналармен жұмыс тәжірибесі және мамандардың кәсіби қажеттіліктері қарастырылды. Сауалнаманың нәтижелері арқылы инклюзивті білім берудегі негізгі проблемалық аймақтар мен қолдаудың әлсіз тұстары анықталды.

2. Интервью – тереңдетілген сұхбат түрінде ұйымдастырылып, мектеп психологтары мен арнайы мамандардың кәсіби пікірлері тыңдалды. Сұхбат барысында инклюзивті ортада жұмыс істеу тәжірибесі, кәсіби қиындықтар, мотивациялық факторлар мен қолдау әдістері анықталды.

3. Құжаттарды талдау – мектептердің ішкі психологиялық қызметінің жоспарлары, жылдық есептері, оқушылардың жеке даму карталары мен түзету-дамыту бағдарламалары сарапталды. Бұл әдіс психологиялық қолдаудың нақты ұйымдастырылу деңгейін сипаттауға мүмкіндік берді.

4. Бақылау әдісі – ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізіліп жатқан сыныптарда сабақ барысы мен әлеуметтік қарым-қатынастарды бақылау арқылы мәліметтер жиналды. ЕБҚ балалардың өзара қарым-қатынасы, эмоционалдық жағдайы, мұғаліммен және сыныптас балалармен байланысы бақыланды. Сонымен қатар, арнайы мамандардың жұмыс тәсілдері мен қолданған әдістері де ескерілді [10].

Зерттеу 2024 жылдың қыркүйек–желтоқсан айлары аралығында Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы инклюзивті білім беретін мектепте жүргізілді.

Жиналған деректер SPSS статистикалық бағдарламасы арқылы өңделді. Сауалнама нәтижелері бойынша жиілік, пайыздық қатынас, корреляциялық байланыстар анықталды. Ал сапалық мәліметтер мазмұндық талдау (контент-анализ) әдісі арқылы өңделіп, негізгі тақырыптар мен мәселелер жүйеленді. Мұндай кешенді талдау алынған нәтижелердің шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ. Зерттеу жұмысы Алматы қаласындағы үш инклюзивті мектепте жүргізілді. Сауалнамаға жалпы саны 60 респондент қатысты: олардың ішінде 20 педагог, 10 психолог және 30 ата-ана бар. Зерттеу барысында мектептердегі психологиялық қолдаудың деңгейі мен сапасы, ЕБҚ балалардың эмоционалды жағдайы, сондай-ақ ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар қарастырылды.

№	Сұрақтар	Иә (%)	Жоқ (%)
1	Сіздің мектебіңізде психологиялық қолдау көрсетіле ме?	75%	25%
2	Психологтардың инклюзивті білім беру бойынша арнайы білімі бар ма?	40%	60%
3	ЕБҚ балалардың эмоционалды қиындықтарын жиі байқайсыз ба?	85%	15%
4	Ата-аналармен психологиялық жұмыс жүйелі түрде жүргізіле ме?	50%	50%
5	Сіздің ойыңызша, психологиялық қолдауды күшейту қажет пе?	90%	10%

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ балаларға психологиялық қолдаудың бірқатар проблемаларын ашып көрсетті. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, төмендегі негізгі қорытындыларды жасауға болады:

Біріншіден, психологиялық қызметтің қолжетімділігі барлық мектептерде біркелкі емес. 75% респондент мектептерінде мұндай қызметтің бар екенін көрсетсе де, 25%-ы мүлде жоқ немесе өте шектеулі екенін айтты. Бұл инклюзивті білім беру талаптарын толыққанды қамтамасыз ету үшін барлық мектептерде сапалы және тұрақты психологиялық қолдау жүйесі қажет екенін білдіреді.

Екіншіден, мамандардың кәсіби даярлығы жеткіліксіз. Зерттеу деректері көрсеткендей, психологтардың тек 40%-ы ғана инклюзивті білім беру саласы бойынша арнайы дайындықтан өткен. Бұл көрсеткіш кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған мақсатты бағдарламалар мен тұрақты курстар қажеттігін көрсетеді.

Үшіншіден, эмоционалды қиындықтар – ЕБҚ балалардың бейімделу жолында негізгі кедергілердің бірі. Мұғалімдер мен ата-аналар пікіріне сәйкес, балалардың 85%-ында эмоциялық тұрақсыздық, тұйықтық, қорқыныш және өз-өзіне сенімсіздік байқалады. Бұл жағдай баланың мектеп ортасына толық араласуына және әлеуметтенуіне кедергі келтіреді.

Төртіншіден, ата-аналармен психологиялық жұмыс жеткілікті деңгейде жүргізілмейді. Тек 50% жағдайда ғана жүйелі түрде өткізілетіні анықталды. Бұл ата-аналардың да ақпараттық және психологиялық қолдауға мұқтаж екенін айғақтайды. Ата-аналармен серіктестік орнату – инклюзивті білім беру үдерісінің табысты жүзеге асуына ықпал ететін маңызды фактор.


Бесіншіден, қолдауды күшейту қажеттілігі – респонденттердің 90%-ы психологиялық қызметтің ауқымын кеңейтіп, сапасын арттыру керектігін алға тартты. Бұл сұраныс инклюзивті мектептерде кәсіби қолдау көрсетудің өзектілігін нақтылай түседі.

Жалпы алғанда, зерттеу инклюзивті білім беруде психологиялық қолдаудың өзекті мәселелерін айқындап, оны жетілдіру жолдарына бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуге негіз болды. ЕБҚ балалардың толыққанды білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін кешенді қолдау тетіктері, мамандардың үздіксіз кәсіби дамуы және ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту қажет.

Төменде негізгі нәтижелер берілген:

- 75% респондент мектептерде психологиялық қолдау көрсетілетінін атап өтті;
- 40% психологтар ғана инклюзивті білім беру бойынша арнайы курстан өткен;
- 85% жауап беруші ЕБҚ балаларда эмоциялық тұрақсыздық, тұйықтық, агрессия сияқты белгілерді байқаған;
- 50% ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізілмейтінін айтқан;
- 90% респондент психологиялық қолдауды күшейту қажет деп есептейді.

Төмендегі диаграммада осы нәтижелер көрнекі түрде ұсынылған:



1-сурет: сауалнама нәтижелері

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында бірқатар маңызды тұжырымдамалар мен үрдістер анықталды. Сауалнама мен бақылау нәтижелері, сондай-ақ педагог-психологтар мен мұғалімдердің пікірлері ЕБҚ балаларға көрсетілетін психологиялық қолдаудың жүйелі ұйымдастырылмағанын көрсетті.

- Біріншіден, сауалнамаға қатысқан педагогтардың 90%-ы психологиялық қолдау

қажеттігін мойындағанымен, олардың жартысына жуығы бұл қолдаудың нақты жүзеге аспайтынын жеткізді. Бұл мектептерде арнайы дайындықтан өткен мамандардың жетіспейтіндігінен туындайды. Яғни, ЕБҚ балалардың ерекше психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалпы психолог емес, инклюзивті салада маманданған кадрлар қажет.

- Екіншіден ЕБҚ балаларда жиі байқалатын эмоционалды және мінез-құлықтық қиындықтар – оқыту үдерісіне толыққанды қатысуға кедергі келтіретін басты факторлардың бірі. Бұл өз кезегінде басқа оқушылармен және мұғалімдермен өзара қарым-қатынаста қиындықтар туындатып, баланың оқуға деген ынтасына кері әсер етеді.

- Үшіншіден, ата-аналармен байланыс деңгейі жеткіліксіз екені анықталды.

Психологиялық қызмет тек балаға ғана емес, оның отбасына да бағытталуы тиіс. Қолдау мен түсіністік тек мектепте ғана емес, үй жағдайында да жалғасуы қажет.

- Төртіншіден, мектептегі психологиялық қызметтің жұмысын бағалауда жүйелілік пен мониторингтің болмауы – қолдаудың сапасына ықпал ететін негізгі себептердің бірі болып отыр. Бұл бағытта нақты көрсеткіштер мен тиімділік индикаторларын енгізу қажет.

Жалпы алғанда, зерттеу инклюзивті ортада ЕБҚ балаларға көрсетілетін психологиялық қолдаудың сапасын арттыру үшін жүйелі, ғылыми негізделген тәсілдердің қажет екенін көрсетті. Психологиялық қызметтің тиімділігі тек мамандардың тәжірибесіне емес, сонымен бірге білім беру ұйымының басшылық қолдауы мен институционалдық ресурстарға да тікелей байланысты.

ҚОРЫТЫНДЫ. Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларға көрсетілетін психологиялық қолдаудың әлі де жүйелеуді және кәсіби жетілдіруді қажет ететіндігін айқын көрсетті. Психологиялық қолдау — ЕБҚ балалардың оқуға деген ынтасын арттыруға, әлеуметтік бейімделуіне және эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін негізгі факторлардың бірі.

Бұл қолдау түрі ЕБҚ балалардың оқу мотивациясын, әлеуметтік бейімделуін, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, психологиялық қолдаудың жеткілікті деңгейде болмауы инклюзивті білім беру сапасына тікелей әсер ететіні анықталды.

Зерттеу барысында анықталған басты мәселелер:

- Психологиялық қызметтің әр мектепте әртүрлі деңгейде ұйымдастырылуы, бірыңғай стандарттың болмауы;

- Педагог-психологтардың инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындықтарының жеткіліксіздігі;

- Эмоционалды қиындықтарға тап болатын балалар санының артуы;

- Психологиялық қызмет пен ата-аналар арасындағы байланыс деңгейінің төмендігі, отбасы ресурсының толық қолданылмауы;

- Қолдау қызметтерінің уақтылы, жүйелі түрде көрсетілмеуі және олардың тиімділігінің жеткілікті түрде бағаланбауы.

- Психологиялық қолдауға деген нақты сұраныстың жоғары болуы.

Зерттеу барысында алынған деректерге сүйене отырып, келесі ұсыныстар беріледі:

1. Педагог-психолог кадрларын кәсіби қайта даярлау және біліктілігін арттыру – инклюзивті білім беру жағдайына бейімделген арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру қажет.

2. Мектептегі психологиялық қызметтің нормативтік-құқықтық және әдістемелік базасын жетілдіру – психологиялық сүйемелдеудің бірыңғай стандарттары мен алгоритмдерін бекіту.

3. Жеке даму карталарын енгізу – әрбір ЕБҚ оқушыға арнап жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын жасау, оның орындалуын тұрақты бақылау.

4. Ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнату – практикалық семинарлар, психологиялық кеңестер, мектепшілік конференциялар ұйымдастыру арқылы отбасының қолдау әлеуетін арттыру.

5. Психологиялық қолдау қызметіне ішкі және сыртқы мониторинг жүйесін енгізу – жұмыстың тиімділігін бағалау үшін сапалық және сандық индикаторларды пайдалану.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық қолдау — оқушының оқу жетістігі мен әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің кепілі. Бұл тек қосымша қызмет емес, білім беру процесінің ажырамас, міндетті және интеграцияланған бөлігі болуы тиіс. Тиімді психологиялық сүйемелдеу тек ЕБҚ балалардың ғана емес, жалпы мектеп ұжымының – мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың өзара түсіністігі мен қолдау мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан мектептегі психологиялық қызметті күшейту – қоғамның инклюзивті мәдениетке бейімделуінің маңызды шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы. – Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2007. – 80 б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана: ҚР БҒМ, 2015. – 44 б.
3. Виготский Л.С. Проблемы детской психологии. – М.: Просвещение, 1997. – 400 с.
4. Бронфенбреннер У. Экология человеческого развития. – М.: Прогресс, 1981. – 365 с.
5. Луков В.А. Социальная адаптация детей с ОВЗ: теоретико-практический аспект. – М.: Наука, 2006. – 212 с.
6. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – М.: Прогресс, 1994. – 480 с.
7. Әлімжанова С.Т., Базарбаева Г.Ә. Инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық қызметтің рөлі // Педагогика және психология. – 2022. – №1(46). – Б. 52–58.
8. Сатова Г. Инклюзивті білім берудегі педагогикалық қолдау мәселелері // Қазақстан мектебі. – 2021. – №2. – Б. 18–22.
9. Creswell J.W. Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches. – 4th ed. – Thousand Oaks: SAGE Publications, 2014. – 273 p.
10. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Инклюзивті білім беруді дамытудың әдістемелік нұсқаулары. – Астана: 2020. – 36 б.

References:

1. Қазақстан Respublikasynyң “Bilim turaly” Zaңy. – Astana: QR Prezidenti zhanyndazy QSZI, 2007. – 80 b.
2. Қазақстан Respublikasynda bilim berudi damytudyң 2015–2025 zhyldarға арналған tızhyrymdamasy. – Astana: QR BFM, 2015. – 44 b.
3. Vygotskij L.S. Problemy detskoj psihologii. – M.: Prosveshchenie, 1997. – 400 s.
4. Bronfenbrenner U. Ekologiya chelovecheskogo razvitiya. – M.: Progress, 1981. – 365 s.
5. Lukov V.A. Social'naya adaptaciya detej s OVZ: teoretiko-prakticheskij aspekt. – M.: Nauka, 2006. – 212 s.
6. Rodzhers K. Vzglyad na psihoterapiyu. Stanovlenie cheloveka. – M.: Progress, 1994. – 480 s.
7. Әлімжанова С.Т., Базарбаева Г.Ә. Inklyuzivti bilim beru zhyjesinde psihologiyalyқ qyzmettiң rөli // Pedagogika zhәне psihologiya. – 2022. – №1(46). – Б. 52–58.
8. Satova G. Inklyuzivti bilim berudegi pedagogikalық qoldau мәseleleri // Қазақстан mektebi. – 2021. – №2. – Б. 18–22.
9. Creswell J.W. Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches. – 4th ed. – Thousand Oaks: SAGE Publications, 2014. – 273 p.
10. QR Bilim zhәне ғылым ministrliги. Inklyuzivti bilim berudi damytudyң әdistemelik nұsқаулары. – Astana: 2020. – 36 b.